

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Биржалық кеңесінің

2001 жылдың 02 қарашасындағы
шешімімен

б е к і т і л д і

2001 жылдың 07 қарашасынан бастап

қолданысқа енгізілді

Биржаның сауда жүйесі жұмысындағы техникалық жаңылыстар мәселелерін шешу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2001

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2003 жылдың 02 сәуіріндегі № 8 (з) хаттама);
- 2003 жылдың 03 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау комитетімен 2012 жылдың 29 муасымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы);
- 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 05 наурызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 07 ақпанындағы № 3 отырыс хаттамасы);
- 2014 жылдың 27 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы құжат қаржы құралдарының биржалық сауда-саттығын өткізуді қамтамасыз ететін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - "Биржа") бағдарламалық қамтуының жұмысындағы техникалық жаңылыстар салдарынан пайда болған жағдайдарды шешу тәртібін реттейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы құжатта қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

"Маклер" – Биржада сауда-саттықты ұйымдастырып, өткізуге жауап беретін Биржа қызметкері.

"Сервер" – сауда-саттыққа қатысушылардың барлығынан түскен бұйрықтарды өңдеуді жүзеге асырып, сауда-саттыққа қатысушылар арасында мәмілелерді автоматты түрде жасауды қамтамасыз ететін, Биржаның бағдарламалық қамтуы орнатылған техникалық жабдық;

"Терминал" – биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін Биржа мүшесімен қолданылатын, Биржаның сауда-саттық залында және/немесе сауда-саттыққа қатысушының кеңсесінде орналасқан, Биржаның бағдарламалық қамтуы орнатылған техникалық жабдық;

"Техникалық жаңылыс" – бір немесе бірнеше сауда-саттыққа қатысушылардың биржалық сауда-саттыққа қатыса алмауына әкеп соққан, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің немесе оның жеке компоненттерінің уақытша істен шығуы;

"Сауда-саттық жүйесі" – Биржа мүшелері арасында бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға арналған, өзара байланысқан бөлмелер, жабдықтар, мүліктер, бағдарламалық-техникалық құралдар, ішкі құжаттар және басқа да активтердің жиынтығы;

"Трейдер" – Биржа мүшесі атынан, Биржаның сауда-саттық жүйесін қолданумен мәмілелер жасасуға және өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға өкілденген, жеке тұлға *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;

"Электрондық хабарландыру" – сауда-саттық қатысушыларының экрандарына сервер арқылы жіберілген электрондық түрдегі хабарлама.

I Бөлім. Сауда-саттық жүйесі серверінің техникалық жаңылысы

1. Сауда-саттық жүйесі жұмысының сенімділігін және жабдықтардың жұмысында мүмкін болатын жаңылыстарға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, Биржада айналыста жүрген қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізгенде Биржа негізгі және резервтегі серверлердің бір мезгілдегі жұмысын қамтамасыз етеді.
2. Негізгі серверде техникалық жаңылыстар болған жағдайда, қаржы құралдарының сауда-саттығын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін, Биржа ақпараттарды нақты уақыт тәртібінде негізгі серверден резервтегі серверге көшіруін жүзеге асырады.
3. Негізгі серверде техникалық жаңылыстар болған жағдайда, Биржа электрондық хабарлама беру немесе басқа да әдіспен:
 - техникалық үзіліс жариялап, сауда-саттыққа қатысушыларды резервтегі серверге ауыстырады;
 - сауда-саттыққа қатысушыларды резервтегі серверге ауысу туралы және резервтегі серверде сақталған ақпараттарды салыстырып тексеру қажеттілігі туралы хабарлайды;
 - сауда-саттықты қайта жалғастыру уақытын хабарлап, биржа жұмысының регламентінің мүмкін болатын өзгеруі туралы жариялайды.
4. Мәмілелер мен өтінімдер туралы ақпараттар негізгі серверден резервтегі серверге ауыстырылмаса, осы мәмілелер мен өтінімден жойылды деп жарияланады.
5. Егер негізгі және резервтегі серверлер істен шығып, техникалық жаңылыстың себептерін жұмыс күннің соңына дейін жою мүмкін болмаса, Биржа сауда-саттықты, Биржада қарастырылған, резервтегі әдістердің бірімен өткізеді.

Мұндай жағдайда биржаның серверлері істен шыққанға дейін өткізілген сауда-саттықтар іске аспаған деп саналып, осы сауда-саттықта жасалған мәмілелер туралы ақпараттарды қалпына келтіру мүмкін болмаса, осындай мәмілелер, есептесулері жүзеге асқан мәмілелерден басқасы, жойылды деп саналады.

II Бөлім. Терминалдың техникалық жаңылысы кезіндегі трейдердің әрекеттері

1. Терминалдың жұмысында техникалық жаңылыстарды байқағанда, трейдер дереу осы туралы маклерді немесе оның көмекшісін (көмекшілерін) ескертіп, Сауда-саттық жүйесінде осы жаңылыс болғанға дейін жасаған өтінімдерінен туындайтын, нақты мәміле жасауды қалауын ауызша хабарлауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1-1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігінің 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастырушысының қызметін жүзеге асыру ережелерінің 49 тармағына сәйкес, сауда-саттыққа қатысушысын мәміле жасау бойынша міндеттемелерден босату үшін, осы бөлімнің 1 тармағына сәйкес, маклерге немесе оның көмекшісіне (көмекшілеріне) ұсынылатын ескертпе мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
 - 1) сауда-саттықтың осы қатысушысын аталмыш міндеттемелерден (тиісті өтінімдердің деректемелері көрсетіліп) босау қажеттілігі туралы жазба болуы тиіс;
 - 2) жазбаша түрде рәсімделіп, сауда-саттықтың осы қатысушысының шығыс хат-хабар журналында тіркелуі тиіс;
 - 3) ол маклерге немесе оның көмекшісіне (көмекшілеріне) пошта арқылы, және/немесе шабарманмен, және/немесе факсимильді хабарламамен, және/немесе телекстік хабарламамен, және/немесе телеграфтық хабарламамен, және/немесе байланыстың басқа да түрімен жөнелтілуі тиіс;
 - 4) ол маклерге немесе оның көмекшісіне (көмекшілеріне) осындай ескертпе жолдауға негіз пайда болған сәтте жөнелтілуі тиіс;
 - 5) маклердің немесе оның көмекшісінің (көмекшілерінің) осы ескертпені алғаны (алғандары) туралы растау алуы тиіс.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген).

2. Трейдер терминалының техникалық жаңылысы болған жағдайда, трейдер биржа маклерінен, сауда-саттықтың аяқталу регламенттік уақытынан 30 секундтан кем емес уақыт бұрын сауда-саттықты уақытша тоқтатуды талап етуге құқылы. Осы тармақтың күші шетел валютасының сауда-саттығына ғана қолданылады.
3. Орын алатын оқыс жағдайларды оперативті түрде шешу мақсатында, трейдер маклерді терминалдың техникалық жаңылысы туралы ескертуі тиіс, ал ескерткеннен кейін оның нұсқауларын сөзсіз және нақты орындауы тиіс. Өзге жағдайда сауда-саттыққа қатысушының терминалдың техникалық жаңылысы салдарынан болған залалға биржа жауапты болмайды.
4. Маклердің нұсқауларын тиісті орындамауға, сондай-ақ, тейдердің терминалдың жұмысында пайда болған техникалық жаңылысты жою бойынша өз бетінше әрекет жасауға тыйым салынады.
5. Егер трейдер биржа маклерін техникалық жаңылыс туралы дер кезінде ескертпесе, биржа терминалдың техникалық жаңылысы салдарынан тиген залалға жауапты болудан босатылады.

III Бөлім. Техникалық жаңылыстар кезіндегі биржа маклерінің әрекеттері

1. Техникалық жаңылыстарды жою бойынша іс-шараларды оперативті түрде және дер кезінде қолдану мақсатында, биржа маклеріне сауда-саттық барысында биржаның сауда-саттық залында болу нұсқалады.
2. Егер бір немесе бірнеше биржа мүшелерінің терминалдарының жұмысында техникалық жаңылыс болған жағдайда, биржа маклері осы жағдайды үшінші жақтарға залалын тигізбей шешуге бар күш-жігерін жұмсап, биржаның басқа мүшелерінің сауда-саттыққа кедергісіз және теңқұқылы қатысу бойынша мүдделерін неғұрлым ескеруі тиіс.

3. Техникалық жаңылыстың себебінен пайда болған жағдайға қарай, биржа маклері мынадай шараларды қолдануы тиіс:
 - 1) трейдердің талабымен биржаның сауда-саттық залында жұмысын жалғастыру үшін басқа (резервтегі) терминалды ұсыну;
 - 2) трейдердің сауда-саттықтарды уақытша тоқтату туралы талабын алған жағдайда, осы Ережелердің II бөлімінің 2 тармағына сәйкес, сауда-саттықты уақытша тоқтатып, электрондық хабарландыру беру арқылы сауда-саттыққа қатысушылардың барлығын ескертіп техникалық үзіліс жариялау (осы Ережелердің V бөлімінің 2 тармағында мазмұндалған биржаның құқығын ескеріп), ал сауда-саттықты қайта бастағанда, оның басталу уақыты мен сауда-саттық сессиясын жабу уақыты туралы хабарлау;
 - 3) терминалында техникалық жаңылыс болған трейдердің атынан сауда-саттық администраторының терминалынан сауда-саттық жүйесіне (осы бөлімнің 3-1 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) өтінім беру;
 - 4) осы Ережелердің II бөлімі 1-1 тармағына сәйкес сауда-саттыққа қатысушының ескертпесін алған жағдайда, осы сауда-саттыққа қатысушысының, ескертпеде көрсетілген, қолданыстағы барлық өтінімдерін Сауда-саттық жүйесінен алып тастау;
 - 5) сауда-саттық сессиясын дұрыс өткізуге қауіп төндіретін және/немесе кедергі болатын жалпыжүйелік сипаттағы жағдайлар орын алса, пайда болған мәселелердің мән-жайын анықтау және қажетті шешім қабылдау мақсатында, электрондық хабарландыру жолдау арқылы барлық сауда-саттыққа қатысушыларды ескертіп, техникалық үзіліс жариялау.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген).

- 3-1. Маклердің терминалынан Сауда-саттық жүйесіне трейдердің атынан өтінім беру тек осы трейдердің жазбаша өкімі негізінде және техникалық жаңылыс болғаннан кейін трейдер осы Ережелердің II бөлімі 2 тармағында белгіленген, құқығын пайдаланбаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Маклердің терминалынан осы трейдердің атынан Сауда-саттық жүйесіне қандай да бір өтінімді тек бір рет беруге рұқсат етіледі.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 ылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген).

4. Сауда-саттық сессиясын техникалық үзілістен кейін жалғастырудың ең аз уақыты – 5 (бес) минут.
5. Биржа маклерінің кейбір әрекеттері шектеулі уақыт аралығында жасалуы мүмкін, оны сауда-саттыққа қатысушылардың барлығы ескеруі тиіс.
6. Биржа маклері техникалық жаңылыстарды жою шараларын жүргізуде әрекетсіздігіне және трейдерлердің биржаның сауда-саттық жүйесінде мәміле жасасуға берілген өтінімдерін енгізу бойынша өкімдерін қабылдағанда құпиялық тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

IV бөлім. Сауда-саттыққа қатысушылары алдындағы биржаның жауапкершілігі

1. Осы Ережелердің I бөлімінің 4 және 5 тармақтарына сәйкес мәмілелердің күші жойылуына байланысты сауда-саттыққа қатысушылардың алған залалын Биржа өтемейді.
2. Егер терминалдың жұмысындағы жаңылыс сауда-саттық жабылар алдында 30 секундтан кем емес уақытта болып, ал биржа маклері осы Ережелердің III бөліміне сәйкес тиісті әрекеттерді орындамаса, Биржа сауда-саттыққа қатысушыларының техникалық жаңылыс нәтижесінде алған залалының нақты сомасын өтейді. Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларына залалын өтеу максималды сомасы, техникалық жаңылыстар нәтижесінде сауда-саттыққа қатысушылары алған залалының жалпы сомасына қарамастан, ай сайынғы мүшелік жарнаның екі есе көлемімен шектеледі.
3. Егер техникалық жаңылыс сауда-саттық жабылар алдында 30 секундтан кем уақытта болса, осындай жағдай форс-мажорлық жағдай деп танылады.

- 3–1. Биржаның сауда-саттығына алыстан кіру тәртібінде қатысқан Биржа мүшесінің, оның қызметкерлерінің немесе үшінші жақтардың (соның ішінде телекоммуникациялық қызметтер көрсететін ұйымдардың) кінәсінен, сондай-ақ осы Биржа мүшесінің компьютерлік және коммуникациялық жабдықтарының жұмысқа жарамсыздығы немесе істен шығуы немесе кідіруі салдарынан оның терминалында болған жаңылысқа байланысты алған залалына Биржа жауапты болмайды (*осы тармақ Биржалық кеңестің шешімімен енгізілген (2003 жылдың 02 сәуіріндегі № 8 (з) хаттамасы)*).
4. Биржа қызметкерлерінің немесе трейдердің әрекеттерінде даулы жағдайлар пайда болса, техникалық жаңылысқа байланысты мәселелерді шешу Биржалық кеңестің қарауына шығарылады.
5. Биржалық кеңестің шешімін әзірлеу мақсатында техникалық жаңылыстың тіркеушілік жазбалары ретінде сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық қамтуымен өндірілетін хабарламалар параметрлері қолданылады. Қажетті жағдайда, тәуелсіз сарапшылардың пікірін алу үшін уақытша техникалық сараптау комиссиясы құрылуы мүмкін.

V. Ерекше жағдайлар

1. Маклердің терминалының жұмысындағы техникалық жаңылыс сақтаулы терминалды қолдануды немесе техникалық үзіліс жариялауды қарастырады.
2. Биржа сауда-саттығына алыстан кіру тәртібінде қатысатын Биржа мүшесі коммуникациялық жабдықтар мен жалданбалы байланыс желісін пайдалануына байланысты техникалық жаңылыс қосымша тәуекеліне душар. Осыған байланысты, Биржа алыстан кіру тәртібінде қолданылатын терминалдың техникалық жаңылысы себебінен сауда-саттықты тоқтатудан бас тартуға немесе уақытша тоқтатудың максималды лимитін белгілеуге құқылы.
3. Осы құжатта ескерілмеген өзге де техникалық жаңылыстар уақиғалары, сауда-саттыққа қатысушының (қатысушылардың) талабы немесе келісімі бойынша техникалық үзіліс жариялауды және сауда-саттықты уақытша тоқтатуды қарастырады.
4. Сауда-саттық жүйесінің жаңа үлгілерін іске қосқанда Биржа Сауда-саттық жүйесінің жұмысында 3 сағаттан аспайтын уақытқа техникалық үзіліс жариялауға құқылы. Техникалық үзіліс туралы хабарландыру сауда-саттық қатысушыларының назарына Сауда-саттық жүйесінің жаңа үлгісі енгізілетін күннен бір күн бұрын, жұмыс күннің соңына дейін жеткізілуі тиіс.

Президент

Д.Б. Карасаев